

**Абильдаева Джылдыз Бакаевна 8D08101-«Агрономия» білім беру  
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға  
ұсынған «Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында асбұршақтың  
жаңа сорттарының сорттық технологиясын себу » тақырыбында  
орындалған диссертациялық жұмысына  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ****

**1. Жұмыстың өзектілігі, оның қазіргі ғылым мен практика  
үшін маңыздылығын негіздеу.**

Абильдаева Д.Б. философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынған диссертациялық жұмысы агротехнология саласындағы өзекті мәселеге арналған. Зерттеу жұмысы асбұршақ (*Pisum sativum L.*) дақыларының өнімділігін арттыру мақсатында оның себу мөлшері, егу схемасы және минералды тыңайтқыштарды қолдану мөлшерінің оңтайлы параметрлерін ғылыми түрғыдан негіздеуге бағытталған. Диссертацияда көрсетілген агротехникалық тәсілдер өсімдік өсіру технологиясын жетілдіруге және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға маңызды үлес қоса алады.

Асбұршақ – бұршақ тұқымдасына (*Fabaceae*) жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Бұл дақыл дәнді-бұршақ тұқымдастарының ішінде жоғары құндылықта ие, себебі дән күрамында ақуыз мөлшері 30%-дан асады. Асбұршақ ақуызы адам ағзасы үшін маңызды барлық негізгі аминқышқылдарын қамтиды, бұл оны құнды тағамдық және малазықтық өнім ретінде ерекшелейді.

Асбұршақтың тағы бір айрықша ерекшелігі — оның қоршаған ортадан зиянды және улы элементтерді (мысалы, нитраттар мен радионуклиидтер) жинамайтын қабілеті. Осы қасиетінің арқасында асбұршақ өлемнің кез келген агроклиматтық аймақтарында экологиялық таза өнім ретінде осіріле алады.

Ауыл шаруашылығында асбұршақ дәні мен жасыл массасы мал азыны ретінде кеңінен қолданылады. Оның жасыл бұршақ массасы үй жануарларына қоректік және жеңіл сізетін азық болып табылады.

Ботаникалық сипаттамасына сәйкес, асбұршақ сабагының ұзындығы 250 см-ге дейін жетеді. Сабақ бойында орналасқан мұртышалар осімдіктің тік тұруына және тірекке жабысуына мүмкіндік береді, бұл оның жарықта қолжетімділігін арттырады әрі өсімдіктің морфологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

**2. Докторант сүйенетін негізгі ғылыми-әдістемелік ережелер.**

Асбұршақ бойынша жұмыстың эксперименттік болімі Қазақстанның оңтүстік-шығыс оңірінде орналасқан аймақта (суармалы фонда) жүргізілді. Нәтижелері осы диссертацияның негізіне айналды, 2021-2024 жылдар аралығында «ҚазЕжӨШГЗИ» ЖПС-ның дәнді-бұршақты дақылдар болімінде жүргізілді.

Эксперименттер үшін материал ретінде асбұршақтың жаңа екі сорты алынды Ақсары мен Жасылай.

Зерттеу әдістері эксперименттік және зертханалық зерттеулерді қамтыды. Жұмыс зертханалық, далалық, өндірістік әдістерді қолдана отырып, перспективалық зерттеуді ұсынады. Өнім құрылымының элементтері әр нұсқаны екі қайталаудан жинамас бұрын бауларды таңдау әдісімен зерттелді. Өсімдіктердегі бұршақтардың орташа саны және әр бұршақтағы тұқымдар саны есептелді және белгіленді (БРЖГИ нұсқаулары). 1000 тұқымның массасы МЖОС бойынша анықталды, деректерді статистикалық өндеу Б. А.Доспековтың әдістемесі бойынша жүргізілді.

### **3. Докторанттың алған ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі.**

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ізденушімен Қазақстаниң оңтүстік-шығысында суару жағдайында жасымық ұлгілерінің коллекциясы зерттелінді.

Қазақстанда алғаш рет суармалы жағдайда сорттық технологияның онтайлы параметрлері және олардың жоғары өнімділік пен өнім сапасын алу үшін жаңа сорттардың шаруашылық құнды белгілері мен өнімділігіне әсері айқындалатын болады.

Жасымық коллекциясы бойынша зерттеулер нәтижесінде анықталған тұқымның жоғары өнімділігі, жапырылуға төзімділігі, ерте пісіүі, құрғақшылыққа төзімділігі, ақуыздың жоғары мөлшері және басқа шаруашылық құнды белгілерінің қайнар көздері селекцияда қолдану үшін сортұлгілері ұсынылды.

### **4. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны.**

Диссертациялық жұмыс 130 беттен тұрады. Кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу материалдары мен әдістері. Негізгі нәтижелер және оларды талқылау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі 108 атаудан тұрады. Диссертация мәтіні, 12 кестеден және 8 суретпен көркемделген.

**5. Диссиденттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу колемі.**  
Диссертация материалдары бойынша диссидентпен 4 ғылыми жұмыс, соның ішінде 3-еу ҚР БҒМ БФСБК бекіткен базылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін журналда жарияланды. Барлық нәтижелермен мен қорытындылар зерттеу нәтижесіне сәйкес докторанттың тікелей қатысуымен алынып, тұжырымдалды. 2021-2024 жыл аралығындағы диссертациялық тақырыбы бойынша барлық эксперименттерді өз бетінде орындаған.

### **6. Докторанттың зерттеуші ретіндегі қасиеттері, ғылыми зерттеу әдістерінде жинақталған тәжірибесі.**

Жұмыс барысында ізденуші талпынушылық, еңбексүйгіштік, жауапкершілік танытты, ғылыми әдебиеттермен еркін жұмыс жасайды. Ғылыми мақала жазып, Scopus базасына енетін ғылыми журналдарга мақала даярлау әдістерін менгерді.

## 7. Корытныңды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Д.Б.Абидаева «Қазақстанның онтүстік-шығысы жағдайында асбұршақтың жаңа сорттарының сорттық технологиясын себү» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалыққа, тәжірибелік құндылыққа және зерттеу нәтижелерінің нақтылығына ие ғылыми еңбектің толық аяқталған нәтижесі дең санаймын. Өзектілігі, жаңалығы және мазмұны бойынша 8D08101-«Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы осы мамандық бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беруге лайық.

Фылыми кеңесші,  
Биология ғылымдары  
профессор,  
ҚР АШҒА академигі

окторы,

Кудайбергенов М.С.

## М.С. Кудайбергеновтің қолын растаймын

## «ҚазЕжӨШГЗИ» ЖШС Бас ғылыми хатшысы



Баймагамбетова К.К.